



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№19 (1845)
18 маусым
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ • www.kaznu.kz • facebook.com/KazakhNationalUniversity • vk.com/kazuniversity • instagram.com/KAZNU_FARABI

ҚазҰУ-ға QS WUR

сертификаты табысталды



Биылғы 8 маусымда жарияланған QS WUR жаһандық рейтингінің қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 150-орынға ие болды. Осыған орай, білім ордасындағы Әл-Фараби кітапханасында университетке QS рейтингінің сертификатын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті.

Марапатты ТМД және Орталық Азия елдері бойынша QS рейтингтік агенттігінің аймақтық директоры Сергей Христоволобов ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевқа табыстады.

Сергей Христоволобов ҚазҰУ-дың соңғы жылдардағы жетістіктерін атап өтіп, QS жаһандық рейтингіндегі талаптарға тоқталды.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биыл көптеген талаптар бойынша өз көрсеткіштерін едәуір жақсарт-

ты. Халықаралық деңгейдегі рейтингте 150-орынға жайғасу – бұл үлкен көрсеткіш және жетістік. Мұндай ҚазҰУ тарихында болмаған. Университеттің дамуына сүбелі үлес қосып, еңбек еткен оқытушы-профессорлар құрамы, ғалымдар мен барлық ұжымға алғысымды білдіргім келеді. Бұл сіздердің еңбектеріңіз. Мәселен, сіздердің білім ордаларыңыз дамыған мемлекеттердің университеттері арасынан оза шығып,

алдыңғы қатарға жайғасты. Бұл білім ордасында ауқымды жұмыстар атқарылғанын көрсетеді. Шара аясында университеттің алдағы даму жоспарымен және ғалымдар әзірлеген ғылыми-инновациялық жобаларымен таныстық. Алдағы жұмыстарыңызға табыс тілеймін», – деді Сергей Христоволобов.

Өз кезегінде университет басшысы Жансейіт Түймебаев халықаралық рейтинг қазақстандық жоғары оқу орындары үшін жыл сайын өз көрсеткіштерін жетілдіруге мүмкіндік беретінін жеткізді.

«Бір жыл ішінде оқу орнымыз 175-орыннан 25 позицияға жоғарылады.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Түркиядағы Ибн Халдун университетінің делегациясы арнайы сапармен келді.

Ибн Халдун университетімен серіктестік дамиды



Құрметті меймандар – Ибн Халдун университеті Қамқоршылық кеңесі төрағасының орынбасары Нежмеддин Біләл Ердоған және Ибн Халдун университетінің ректоры, профессор Атилла Аркан, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, доктор Ирфан Гүндүз, Гейдар Әлиев атындағы Еуразиялық зерттеулер орталығының директоры, профессор Яшар Сары, Ибн Халдун университетінің халықаралық байланыстар бөлімінің директоры Енес Иалман Әл-Фараби кітапханасында болып, ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңін іске асыру жоспарымен танысты.

Қос тарап шағын құрамда кездесу өткізіп, ортақ мәселелерді талқылады. Жүздесуде Ибн Халдун университеті Қамқоршылық кеңесі төрағасының орынбасары Нежмеддин Біләл Ердоған QS WUR рейтингінде жоғары жетістікке жеткен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымын құттықтады.

«Әл-Фараби орта ғасырдың аса көрнекті ойшылы ретінде түркі халықтарының рухани мәдениетінде айрықша із қалдырды. Осы орайда, Қазақстанның қашбасшы университеті – ҚазҰУ-дың әл-Фараби есімімен аталуы үлкен мәртебе. Қазақстан – мүмкіндіктер елі. Президент Режеп Тайып Ердоғанмен кездесуде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы серіктестік күн санап дамып келе жатқанын атап өткен болатын. Екі ел басшыларының ресми кездесу нәтижесінде 15 келісімге қол қойылды. Соның ішінде білім беру саласына ерекше назар аударылған еді. Біз білім және ғылым өкілдері ретінде осы бастамаларға өз үлесімізді қосуды қажет. Бүгінгі кездесуден соң Ибн Халдун мен ҚазҰУ арасында оқытушылар мен студент алмасу бойынша бірқатар бағдарламалар іске асырылатынын атап өткім келеді.

Жалғасы 2-бетте

Ректор Samsung Electronics бастамаларын қолдады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Samsung Electronics компаниясының вице-президенті Джеймс Киммен кездесті.

Әл-Фараби кітапханасында өткен кездесуде университет

басшысы ҚазҰУ-дың заман талабына сай білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобаларды жүзеге асыруға басымдық беріп отырғанын атап өтті.

Өз қызметін ғылым мен инновацияға негіздеген ҚазҰУ биыл QS халықаралық рейтингінде әлемнің үздік университеттері арасында 150-орынға көтерілді. Түркия мен Қырғыз Республика-

сында университет филиалдары ашылды. Университетте Samsung, Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Alcatel, Microsoft, «Касперский зертханасы», Huawei және т.б. жоғары технологиялық компаниялардың сертификаттау орталықтары, институттары мен академиялары табысты жұмыс істейді.

Жалғасы 2-бетте



Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ:

Университетте жалған рейтингке емес, сапаға мән беріле бастады

3 >>



Тез кебетін тиімді «экобояу»

4 >>



Маматха ХАНУМАППА:

ҚазҰУ-да үлкен тәжірибе жинадым

5 >>

Ибн Халдун университетімен серіктестік дамиды



Соңы. Басы 1-бетте

Алдағы уақытта қос университет арасындағы ортақ инновациялық жобалар сәтті жүзеге асады деген үміттемін», – деді Нежмеддин Біләл Ердоған.

Сонымен қатар кездесуде сөз сөйлеген Ибн Халдун университеті Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, профессор, доктор Ирфан Гүндүз ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастық бойынша бірқатар ұсыныстарын жеткізіп, ҚазҰУ-мен серіктестікті дамытуға дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев білім ордасында атқарылған жұмыстар мен алдағы мақсаттарына тоқталды. Бүгінде білім ордасы әлемнің 500-ден астам университетімен, соның ішінде Түркияның 21 жоғары оқу орнымен табысты ынтымақтастық орнатқан. Қазіргі уақытта оқу ордасында Түркия Республикасынан келген 32 студент білім алууда. Өзара тәжірибе алмасу мақсатында ҚазҰУ-да Түркияның түрлі университеттерінен 49 профессор дәріс оқыды, PhD докторанттарға ғылыми жетекшілік етті.

«Ағымдағы жылдың мамыр

айында Қазақстан Президентінің Түркия мен Қырғыз Республикасына мемлекеттік сапары аясында біз ҚазҰУ-дың Ыстамбұл және Бішкек қалаларында филиалын аштық. Мұндай ынтымақтастық нәтижелері ҚазҰУ-ды әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналдыруға нақты үлес қосады деп ойлаймыз. Алдағы жұмыстар білім беру сапасын түбегейлі жақсартуға және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ғылым үлесін арттыруға бағытталатын болады», – деді университет басшысы.

Бұл кездесу екіжақты қарым-қатынасты дамыту аясында академиялық ұтқырлық, оқытушылар мен студенттер алмасу, бірлескен ғылыми зерттеулер шеңберіндегі жобаларды іске асыруды көздейді. Өз сөзінде Жансейіт Түймебаев жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдауға ниетті екенін атап өтті.

Шара соңында Ибн Халдун университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті академиялық және білім беру бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Ректор Samsung Electronics бастамаларын қолдады



Соңы. Басы 1-бетте

Samsung Electronics тапсырысы бойынша 2015 жылдан бастап ҚазҰУ оқытушылары мобильді қосымшаларды, интернет құрылғылардың технологияларын әзірлеу, машиналық оқыту курстарын даярлап, енгізді.

– Соңғы жылдары студенттер мен оқушылар арасында сандық электроника бойынша халықаралық және республикалық конкурстар өткізілді. Қызметкерлер мен студенттер Smart технологиялар, робототехника, жасанды интеллект және оқу-зертханалық стендтер және тағы басқа бойынша жобаларды әзірледі және іске қосты, – деді Жансейіт Түймебаев.

Университет басшысы Самсунг инновациялық академиясында жыл сайын Алматы қаласының 100-ге жуық студенті мен

80 мектеп оқушысы заманауи цифрлық технологиялар бойынша теориялық және тәжірибелік дағдыларға үйренетінін айта келе, екіжақты ынтымақтастыққа бағытталған барлық бастамаларға қолдау білдіретінін жеткізді.

Өз кезегінде Samsung Electronics компаниясының вице-президенті Джеймс Ким жоғары оқу орнының басшылығына жылы қарсы алғаны үшін алғысын білдіріп, Қазақстанның жетекші университетінде компания қызметін жандандыруға мүдделі екенін айтты.

Келіссөз барысында компания өкілдері жаңа өнімдері мен өз қызметінің бағыттары туралы айтып берді. Тараптар пікір алмасып, өзара ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

ҚазҰУ-ға QS WUR сертификатты табысталды

Соңы. Басы 1-бетте

QS WUR жаһандық рейтингіндегі жаңа көрсеткішіміз – 150-орын. Бұл біз үшін үлкен жетістік әрі жоғары жауапкершілік. ҚазҰУ – QS Stars Rating System халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» марапатын алған Орталық Азиядағы алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны. Сондай-ақ QS by Subject пәндік рейтингінде университет төрт пән саласы мен 16 дайындық бағыты бойынша үздіктер қатарына кіреді. Университеттің 137 білім беру бағдарламасының халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін дәлелдейді. Бұл университет ұжымының көпжылғы және күнделікті тынымсыз еңбегінің нәтижесі», – деп атап өтті ректор.

Сондай-ақ университет басшысы барлық ғалымдарды, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлерді құттықтап, бұл жетістікпен тоқтап қалмай, жеделі мақсаттарға жету жолында табысты еңбек етуге шақырды.



Сонымен қатар іс-шара барысында химия және химиялық технология факультетінің профессоры Зұлхаир Мансұров, Instituto Universitário de Lisboa профессоры Постолах Октавиан, Халықаралық білім беру америкалық кеңестер ұйымының жоғары білім беру бағдарламаларының басқарушы директоры Грэм Хеттлингер, Колумбия университетінің докторы Маматха Ханумаппа, химия және химиялық технология факультетінің

аға оқытушысы Гемиль Ахмат, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Муззаммил Илахи және докторант Арифоглу Абдуррахман Зеки ҚазҰУ ұжымын құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Айта кетейік, QS WUR әлемнің үздік университеттерінің тізімі 2004 жылдан бері жарияланып келеді. Ағымдағы жылы рейтингке әлемнің 100 елінен 2,5 мыңға жуық ЖОО қатысқан болатын.

Professional Week-2022 апталығы аяқталды

13-17 маусым аралығында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша Professional Week-2022 апталығы ұйымдастырылды. Бүгін аптаның қорытындысы ретінде «Жаңа Қазақстан: білім мен ғылымды жаңғырту жолдары» тақырыбында пленарлық сессия отырысы өтті.



Жиынға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ТМД және Орталық Азия елдері бойынша QS рейтингтік агенттігінің аймақтық директоры Сергей Христоролюбов, «Bank RBK» АҚ тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі Мұсабек Әлімбаев, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы Әділет Тойбаев және оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Пленарлық сессия барысында университет ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, отандық білім мен ғылымды дамытуда жаңа трендтерді қалыптастыру маңызды екенін атап өтті.

«Professional Week-2022 апталығы аясында қажетті ақпараттар мен пайдалы кеңестер айтылды. Спикерлер мен қатысушылар бүгінгі күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелер туралы ой қозғады. Атап айтқанда: – білім беру бағдарламала-

рын әзірлеу бойынша тәсілдерді жаңғырту;

– ғылыми мектептерді дамыту және ғылыми жобаларды іске асыру;

– білім берудің цифрлық трансформациясы;

– білім мен ғылымның жаһандық трендтері.

Әлемдік тәжірибені негізге алып, кәсіби біліктілікті жетілдіріп отыру қажет. Біз қазақстандық жоғары білімнің әлем азаматтары үшін тартымдылығын арттыруға күш салуымыз керек. Алдымыздағы мақсат – білім мен ғылымның қазақстандық бренді халықаралық аренада ілгерілету. Professional Week-2022 апталығы аясында айтылған бастамалар мен тың идеялар университеттегі ғылым мен білімді, сондай-ақ инновациялық жобаларды одан әрі дамытуға сеп болады деп ойлаймын», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде QS рейтингтік агенттігінің аймақтық директоры Сергей Христоролюбов «Қазақстандық жоғары оқу орын-

дарының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру» тақырыбында баяндама жасады. Өз сөзінде спикер QS WUR 2022-2023 жаһандық рейтингінің нәтижелерімен бөлісті.

Сондай-ақ жиында Мұсабек Әлімбаев «Жаңа Қазақстан: Конституцияға өзгерістер енгізу» және Әділет Тойбаев «Отандық ғылымды дамытудың басым бағыттары» тақырыбында баяндама жасап, өз ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Professional Week-2022 апталығы бағдарламасында «Университеттегі білім берудің перспективалық моделі: қалыптастыру жолдары» және «Ғылыми экожүйені қалыптастыру» тақырыптары бойынша сессиялар ұйымдастырылды.

Апталық аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілдері, қоғам қайраткерлері, ғалымдар өзекті мәселелерді талдап, өзара пікір алмасып, тәжірибе бөлісті.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

– Осыдан біраз бұрын бір сұхбатыңызда «Білім берудің принципі өзгерді. Қазір студент білімді қажетсіне өз бетімен ізденуі керек, ұстаз – тек бағыттаушы ғана. Бірақ біз бұндай өзгерістерге дайын емес едік» деген екенсіз. Әлі де осы пікірдесіз бе?

– Бүгінгі жас қалай болса, қалай тәрбиеленсе, болашағымыз да солай болады. Дәл қазіргі қазақ қоғамында білім беру жүйесі үлкен дау-дамай, айқай-шу болып жататын сала. Біз бірден Болон жүйесіне көшіп кеттік те, соны бір үлкен жетістік деп, ағылшынша сөйлегенді мықтылық деп

болмаса, ол ұлт қайда барады? Ұлтқа, халыққа қызмет етудің нақты бағдарламасы жоқ. Батыс идеологтері «Ұлттық идеология – бір ұлтты ерекшелеп, соны басқа ұлттан жоғары қою» дейді. Ұлттық идеология Германияда, Испанияда фашизмге алып барды дейді. Бірақ батыстың барлық елдерінде ұлттық идеология деген мемлекеттік идеология деген атаумен жүзеге асып жатыр. Германияда немістердің, Ұлыбританияда ағылшындардың мүддесіне қызмет етеді. Черчилльдің «Мен барлық уақытта Англияның мүддесіне қызмет етемін» деген сөзі бар. Ұлттық

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,

филология ғылымының докторы, профессор:



Үниверситетте жалған рейтингке емес, сапаға мән беріле бастады

санайтын болдық. Бұрын орыс тілін білмеген адам қызмет істей алмайтын, ал қазір ағылшын тілін білмегендердің қызметке ілінуі қиын. Осы сияқты үлкен проблемалар зиялы қауымның наразылығын тудырып отырғаны рас. Жалпы, білім беру, тәрбие жұмыстары – бұл ұлттың ең негізгі мәселесі. Ертеңін ойлаған адам ең алдымен осы білім беру, тәрбие жұмыстарын ойлауы керек. Ұлы ойшыл әл-Фараби білім мен тәрбие егіз жүрі керектігін айтқан. Осылайша ұлтқа қызмет ету керек. Тәрбие ұлттық болса, соған лайықты білім беру керек. Әрбір қазақтың баласы ата-анасын, елін-жерін, Отанын сүю тәрбиенің негізгі бағыты болса, алатын білім де сондай болуға тиіс. Кейінгі ұрпақ тарихты, ұлттық дәстүрді білуі тиіс, ұлттық тілінде сөйлеп, ұлттық рухтан күш алып, жігерлену керек.

– Тәуелсіз ел болғанымызға отыз жылдан асты. Әлі де қазақ тілі мәселесі ұшығып тұр. Аға буынның бұған жаны ауыратыны рас. Сіздің ойыңызша, мәселе неде? Әдісте ме, әлде тілді үйренуге деген құлықтың жоқтығынан ба?

– КСРО-ның кезінде мемлекеттік тіл орыс тілі болды да, бәрін орысша ойлауға бір стандартқа келтірді. Сол бағыт бізде әлі жалғасып келеді. Бұл жүйе биліктің басына қазақша ойлап, қазақша сөйлейтіндер, ұлттық мүддесіне қызмет ететіндер келгенде ғана өзгереді. Мемлекет қазақтық болғанмен, оның тілі іс жүзінде мемлекеттік болмай тұр. Сөз жүзінде бар болғанмен, орыстың тілі қатар жүреді. Қазақ тілі аударма тілге айналып барады. Қазір қазақ тілінің үндестік заңы, сингармонизм – бәрі бұзылған. Осы сияқты көптеген мәселелер реттелу керек. Тілдің жөнделуі әліппеден басталуы тиіс.

– Бізде ұлттық идеология мәселесі жиі ауызға алынады. Дегенмен осы сала әлі бір жүйеге түсе алмай келе жатқаны рас. Қалыптасқан ұлттық идея болмағандықтан, қазақтың тілі, қазақтың тарихы, жалпы, ұлттық мүдде тұрғысындағы мәселелер алдымыздан кесе-көлденең шыға береді. Ұстаз-ғалым ретінде осы мәселенің байыбына көз жүгіртіп көрдіңіз бе?

– Дұрыс айтасыз. Осының бәрі ұлттық идеологияның негізінде дамиды. Ұлттық идеология

мүдде – ұлттық, мемлекеттік идеологияның темірқазығы. Тән азығы мен жан азығы екеуі тең болуы тиіс. Биліктің басындағы, әсіресе идеология жағын басқаратын адамдар өз ісінің маманы болған кезде, қазақтың рухымен, қазақтың тарихымен, қазақтың рухани құндылықтарымен өмір сүретін адам болған кезде ғана бұл мәселе өз шешімін табады. Ал біз қазір қазақ тілінің мәселесін орыс тілінде талқылайтын деңгейге жеттік. Бұл енді ақылға сыймайтын жағдай.

– Түбі бір түркі халықтарының өзара тілдік және әдеби байланыстары қазір қандай деңгейде? «Тілдер тоғысындағы түркі әлемі» кітабының авторы ретінде сіз бұл мәселені тереңдей зерттегеніңіз анық.

– Дәл қазіргі жағдайымызда біздің болашағымыз – осы түркілік бірлікте. Өйткені орыстың, қытайдың ортасында жатырмыз. Қытайдың экономикалық, орыстың рухани қысапын сезіледі. Соның салдарынан біз толыққанды қазақ болып өмір сүре алмай келеміз. Бізде орыс тілінің қаупі әлі күнге дейін күшті. Мұның аяғы қазақтың өз ішінде әртүрлі жік тудыра бастады. Орыстілді қазақтар мен таза қазақтілділердің арасы алшақтап барады. Сыртқы күштердің әсерінен орыстілділер билікті қолдан бермей келеді.

Болашағымыз – ұлттың бірлігінде. Осы ұлттық бірлігімізде көп кедергілер бар. Жаңа Қазақстан дәуірін бастаймыз деген ойымыз құптарлық, көп жақсылықтан үміттіміз, бірақ күмәнді жерлері көп. Осы кезеңде тығырықтан шығар жолымыз – түркі халықтарының бірлігі. Қазіргі таңда түркі халықтарының бірлігі жоғары деңгейге көтеріліп келеді. Рухани жағынан да, экономикалық жағынан да түркі бірлігіне бет бұрғандаймыз. ТҮРКСОЙ, Түркі кеңесі, Түркі академиясы өзінің рөлін айқындап келеді. Түркі кеңесін Бағдат Әміреев, Түркі академиясын Дархан Қыдырәлі басқарып отыр. Біз түркілік білім жағына көбірек ден қоюымыз керек. Біз өз тарихымызды әлі күнге дейін біле бермейтін, мәдениетімізді ұмыта бастаған халықпыз. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, түркі халықтарымен ортақ тарихымызды, ортақ мәдени құндылықтарымызды игеріп, қазақ мәдениеті, қазақ халқы түркі халықтарының ішіндегі супер ұлттың бірі

екенімізді сезініп, өмір сүруіміз керек.

Қазіргі таңда әлемдік қақтығыстар белең алып тұр. Осындай кезде «қайда бет бұрамыз?» деген сауал туындайды. Түркі әлемімен, Түркиямен, түркі елдерімен, жалпы, түркілермен бір болуымыз керек. Меніңше, Түркияның бағыты – ең дұрыс бағыт. Түркияның мықтылығы сол – халқы өзінің түркілік болмысын сақтап қалған. Сөзі, әдебиеті, мәдениеті, әндері, туы, елтаңбасына дейін түркілік сыпаты сақталған. Ғылым-білім, мәдениет дамыған Еуропа болса, соның ғылымын да, экономикасын да меңгерген. Тіпті Түркия экономикада, бизнесте, туризмде, қонақүй бизнесінде, құрылыста Еуропаның көптеген елдерін артқа тастап кетеді. Түркия – түркі елдерінің ішіндегі өзінің тәуелсіздігін жоймаған, күні бүгінге дейін әлемде өзіне лайықты орнын алып келе жатқан мемлекет. Біз Түркияның тәжірибесінен көп үйренуіміз керек.

ТҮРКСОЙ түркі халықтарының ортақ мәдениетін насихаттау жөнінде көптеген істер атқарды. Ұзақ уақыт бойы бұл ұйымды Дүйсен Қасейінов басқарды. Қазір қырғыз драматургі Сұлтан Раев басқарады. Ол жуырда Астанада, Алматыда, Түркістанда бірнеше күн болып, кездесулер өткізді. Өзі жазушы, драматург болғаннан кейін әдебиет, кітап алмасу, ұлы жазушылардың шығармаларын аудару, солардың күндерін өткізу жағына көбірек көңіл бөлетінін айтты. Биыл қазан айында Түркияның Бурса қаласында түркі жазушыларының конгресін өткізу жоспарланып отыр. Түркі жазушыларының басын қосатын ұйым құру туралы да айтылды. Осы салада әдебиеттер алмасу, аударма, кездесулер ұйымдастырып, біртұтас түркілік әдебиетке қарай бет бұру мәселелері пысықталды. Алда осындай үлкен жұмыстар күтіп тұр.

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлегі екеніңіз өз алдына, еңбек жолыңызда да осы университеттің рөлі зор. Білім ордасына қатысты айтар ойларыңыз болса бөліссеніз.

– Арада бірталай жыл салып, былтыр университетке қайта келіп, дәріс оқи бастадым. Ең бастысы, оқытушы-профессорлар құрамының жалақысы көтерілуі университет қызметкерлерінің еңсесін көтеріп, құлшына жұмыс істеуіне жағдай туғызды.

Білім ордасында ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда университетте жалған рейтингке емес, сапаға, ұлттық руханият мәселелеріне мән беріле бастады. Мұның нәтижелері алдағы уақытта біртіндеп көріне бастайды деп ойлаймын.

Сіз дұрыс айтасыз, менің өмірім ҚазҰУ-мен тығыз байланысты. 1977 жылдан 1987 жылға дейін осы білім ордасының журналистика факультетінде жұмыс істедім. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін мен де айыпталып, «қылмыскердің» бірі болып, сотталып кете жаздап, әрең аман қалдым. Осы жылдары «Qazaq universiteti» газетінде редактор болдым.

– Өзіңіз басы-қасында болған «Qazaq universiteti» газетінің жарық көргеніне келер жылы 75 жыл толғалы отыр. Газеттің сол кездегі тыныс-тіршілігіне, бағытына тоқтала кетсеңіз.

– «Qazaq universiteti» газетінде 1978-87 жылдары редактор болдым. Штатта бір-ақ адам болды. Қалғандары қоғамдық негізде болатын. Маған дейін Сопкин деген орыс ұлтының азаматы редактор болған. Мен редактор болып келгенге дейін газетке шығатын материалдардың 10-15 пайызы ғана қазақша, қалғаны түгелдей орыс тілінде болып келген. Мен редакторлықты қолға алғаннан кейін 60 пайыздайы, кем дегенде 50 пайызы қазақша болуы керек деп жұмыс істедім.

Газетке студенттерді тарттық. «Журналистік шеберлік» деген пән болатын. Осы пәнді газет шығару ісіне пайдаланған кездер де болды. Студенттерге мақала жазуға тапсырма беріп, қазақша материалдарды мен қарайтынмын, орысшасын газеттің штаттағы жауапты хатшысы Нұрғазина (қазір филология ғылымының докторы) редакциялайтын. Кейде тұтастай оқу-жаттығу газетін шығаратынбыз. Студенттердің бірін редактор, екіншісін жауапты хатшы, үшіншісін бөлім басшысы ретінде белгілеп, газеттің ішкі жұмыстарынан бастап, жарық көргенге дейінгі процесті студенттер атқаратын. Студенттер де барынша жауапты қарауға тырысатын. Алматыдағы өндіріс орындарының, мәдениет мекемелерінің жұмыстарына газеттің бір нөмірін тұтастай арнап, оқырмандарға таныстыратынбыз. Газеттің жарық көрген нөмірін шығармашылық тұрғыдан талқылап,

ойымызды ортаға салатынбыз. Ең соңында мұқият дайындалған материалдарды газетке жариялайтынбыз. Үздік көрінген студенттерге сыйлық беріп, жұмыстарын бағалап, ынталандырып отыратынбыз. Журналистика факультетінің Тауман Амандосов, Темірбек Қожакеев, Қабиджан Құсайынов, Әбілфайыз Ыдырысов сияқты ұстаздары да газетке белсене атсалысатын. Газетті студенттерге тарату жұмыстарын университеттің комсомол комитеті атқаратын. Авторларға сыйлыққа берілетін ақшаны солардан алатынбыз.

Желтоқсан оқиғасынан кейін бізге «бухгалтериясыз берілген ақша заңсыз болып саналады, со-сын газетке жарияланған материалдарда, өлеңдерде ұлтшылдық нышандары байқалады» деген айып тағылды. Оның басты себебі – Желтоқсан оқиғаларына «кінәлілерді» табу керек болды. Ол табыла қоймады. «Qazaq universiteti» газетінде қазақ тіліндегі материалдардың көбеюі студенттердің арасында ұлтшылдықтың шығуына жағдай жасады» деген сияқты ақылға сыймайтын себептермен бізді тергей бастады. Мәскеуден Иванов бастаған арнайы комиссия келді. Олар тіпті газет жұмысына көмек көрсетіп жүретін профессорлар Амандосов, Қожакеевтерден де түсініктеме алды. КГБ-ға мені қайта-қайта шақырып, тергеуге алып, қыса бастады. Осылайша жаз өтті. Күзде «сотталам ба, әлде аман қалам ба?», білейін деп, іздене бастадым. Деліқұлы күйге түстім. Сурастырып жүріп, анық-қанығын білгендей болдым. Мені тергеушілер «сотталмайды, бірақ солай жасау керек болды» депті.

Аман қалғанымға қуанып, енді жұмыс іздей бастадым. Бірақ еш жерге жұмысқа алмады. Сөйтсем, Орталық комитеттің қара тізіміне еніп кетіппіз. Нақақтан күйіп кеткенімді білетіндер көмектескі келді. Бірақ болмады. Бір күні марқұм Сағат Әшімбаев кездесіп қалды. Ол кісі Қазақ телевидениесінде директордың орынбасары қызметін атқаратын. «Телевидениеден әлеуметтік зерттеу тобын құрамыз, соның басшысы боласың» деді. Бірақ бұл жолы да кедергіге тап болдым. «Қазақстан» баспасының директоры Жарығасын Нұсқабаев жаңадан «Коммунистік тәрбие» бөлімін ашып жатырмын, соған келсеңіз» деп қызметке шақырды, ол да болмады.

Араға біраз уақыт салып, ҚазҰУ-ға қайта келдім. Бір жылдай дайындық бөліміне сабақ бердім. Жұмыссыз жүрген уақыттарда газет-журналдарға мақала жазып, соның қаламақысымен отбасын бағуға тура келді.

1988 жылы докторлық диссертациямды қорғаймын деп жоспарлағанмын. 86-ның салқынымен біраз денсаулығымыз сыр беріп, емделуге тура келді. Докторлық диссертациямды тек 1994 жылы қорғауға мүмкіндік туды.

90-жылдардың басында Әбсаттар Дербісалиев проректор болып тұрған кезінде газеттің редакторлығына мені қайта ұсынып, «осыдан аузым күйіп, сотталып кете жаздаған адаммын» десем де болмай, газеттің тізгінін екінші рет қолға ұстауға тура келді. Осылайша ҚазҰУ, оның ішінде «Qazaq universiteti» газеті менің өмірімде ерекше орын алады десем де болады.

Талай мықтының қолтаңбасы қалған төл газетіме алдағы уақытта тек сәттілік тілеймін!

– Әңгімеңізге рақмет.



Қазіргі таңда негізгі проблемалардың бірі – отандық өндірістің құрылыс материалдарының жетіспеушілігі. Қазақстанда құрылыс саласы жылдан-жылға дамып келе жатқандықтан, жан-жақты мемлекеттік қолдауды қажет етеді. Сонымен қатар

өнеркәсіптік кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті инновациялық өнімдерді әзірлеуі және енгізуі; импортты алмастыратын өнімдер өндірісін дамыту; өндіріс шығындарын азайту және қазіргі заманғы өнімдер өндірісінің ауқымын ұлғайту сияқты бірқатар проблемалар бар.

бояулар деп аталатын өнеркәсіптік мақсаттағы жақсартылған өнімділік сипаттамалары бар экологиялық таза акрилат эмальдарын алуға мүмкіндік берді. Алынған өнім импортталатын өнеркәсіптік мақсаттағы эпоксидті, полиуретанды және су-дисперсиялық акрилатты бояулармен салыстырғанда неғұрлым жоғары физика-механикалық сипаттамаларға ие. «Ғылым қоры» АҚ және

Л.Ағыбаева) коммерцияландыру жобасы ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру зерттеу жобасының логикалық жалғасы болып табылады. Бұл ішкі нарыққа импортты алмастыратын жаңа, жоғары тиімді лак-бояу материалдарын енгізуге мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру нәтижесінде коррозиялық белсенділігі жоғары, құны 15-20 пайызға арзандатылған, реагенттері аз, қалыпты температураны


алаңының базасында «Ғылым қоры» АҚ-ның «Жақсартылған сипаттамалары бар тұзсыз акрилат бояуларының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін құру» жобасын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын тұзсыз акрилат бояуларының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісі іске қосылды.

Өндіріс аясында жылына 50-100 тоннаға дейін тұзсыз акрилатсыз бояулар шығарылуы

Тез кебетін тиімді «экобояу»

Осы міндеттерді шешу үшін өнімдердің кең спектрі бар жаңа жоғары технологиялық кәсіпорындар құру қажет. Атап айтқанда, бұл импортқа тәуелді лак-бояу материалдары нарығына (ЛБМ) қатысты. Негізінен, Еуропа, Түркия және Біріккен Араб Әмірліктерінен импортталатын өнеркәсіптік мақсаттағы эпоксидті және полиуретанды лак-бояу жабындарының сапасы жоғары. Қазақстанда мұндай ЛБМ өндірісі іс жүзінде жоқ, Қазақстанның өнеркәсіптік ЛБМ нарығы зор әлеуетке ие болғанына қарамастан, оны тұтыну көлемі 400 млн АҚШ долларын құрайды. Қазақстандық өндірушілер сәндік-қасбеттік лак-бояу материалдары тобына жататын органикалық еріткіш және су-дисперсиялық лак-бояу материалдарын шығарады. Жабын өндірісінде органикалық еріткіш негізіндегі материалдарды қолдану арқылы жоғары өнімділікке қол жеткізгенімен, ұшпа органикалық қосылыстардың көп болуына байланысты бояудың уыттылығы артады. Су-дисперсиялық бояуларда ұшпа органикалық қосылыстар аз мөлшерде кездеседі, сондықтан ол экологиялық таза және қолдануға тиімді. Нарықта бояудың бұл түрі негізінен бір ғана түрмен ұсынылған, бұл – су негізіндегі акрил бояуы. Оның негізгі кемшіліктері – аз уақыт өтсе де, жабын көгеріп, бояуы ағып, материал шөгінп немесе тартылып, кей тұстары түсіп кетуі мүмкін. Осыған қарамастан, акрилді бояуға негізделген композициялық бояулар мен лактарды пайдалану үнемді, өйткені оның өндірістік шығындары аз. Акрилді композициялық бояулардың басты артықшылықтарының бірі – олар қалпына келу қабілетіне ие, ал дайын өнімнің физикалық және механикалық қасиеттері өзгермейді. Әрине, мұндай тауарлар тұтыну нарығында сәтті бәсекелесе алады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдар тобының бұрынғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ҚР ҰҒА академигі, х.ғ.д., профессор Е.Шайхутдиновтің басшылығымен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, шикізат пен өнімді қайта өңдеу басымдығы бойынша қолданбалы сипаттағы – «Жақсартылған сипаттамалары бар жаңа экологиялық қауіпсіз, тұзсыз акрил бояуларының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісінің технологиясын әзірлеу және практикалық іске асыру» жобасы жұмыс істеді. Ондағы мақсат – жаңа акрил бояуларын алудың жаңа технологиясы зертханалық жағдайда өнеркәсіптік және азаматтық қолдануға арналған беріктігі, қанықтығы және қаттылығы жо-



ғары акрил бояуларын алу. Нәтижесінде полимерлеудің оңтайлы шарттары және сополимерлер мен мономерлердің қатынасы анықталды. Бұл органикалық және су еріткіштері жоқ, тұзсыз

«WARDA STAR» ЖШС жеке серіктесі қаржыландыратын «Жақсартылған сипаттамалары бар тұзсыз акрилатсыз бояулардың тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін құру» (PhD жетекшісі



қолдана отырып жасалған экологиялық қауіпсіз акрилатты лак-бояу материалдарын алудың жаңа үнемді технологиясы әзірленді.

Технология акрил мономерінің ерітіндісіндегі акрил сополимер ұнтағының 30-35°C температурада өзара әрекеттесуіне негізделген, нәтижесінде арнайы катализаторлар мен үдеткіштердің, толтырғыштар мен қоспалардың қатысуымен еркін радикалды конденсация реакциясы нәтижесінде өзін-өзі растайтын сироп қоспасы пайдаланады. Арнайы катализаторларды қосу ұқсас эпоксидті немесе полиуретанды бояулармен салыстырғанда (кептіру уақыты 12-24 сағат) әлдеқайда жоғары реттелетін кептіру жылдамдығымен (1-60 мин) жаңа өнімді алуға мүмкіндік береді.

Әзірленген технология мен өнімнің негізгі бәсекелестік артықшылықтары:

- үнемділік, өндірістің төмен температураларын қолдану, аз уақытта, шамамен 45 минутта алу технологиясы, процестің қарапайымдылығы;
- ЛБМ алудың тұзсыз технологиясы, бұл экологиялық таза жабын алуға мүмкіндік береді;
- пайдалану температурасы -45°C және +50°C аралығында, яғни қыста да, жазда да қатар қолдануға болады;
- қызмет мерзімі кем дегенде 7-10 жыл, механикалық беріктігі жоғары, судың, химиялық реагенттердің әсеріне төзімді.

Алынған бояу металл беттердің коррозияға қарсы жабыны ретінде, паркингтердің, сауда орталықтарының, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және жабындардың механикалық беріктігіне қойылатын жоғары талаптары бар кез келген басқа бөлмелердің жабыны ретінде қолданыла алады.

2022 жылғы 21 қаңтарда «WARDA STAR» ЖШС өндірістік

мүмкін. Бастапқы кезеңде акрилат бояуларының екі маркасы шығарылады:

– Base coat WS NG 302. Негізгі еден жабыны тамақ, өндіріс, химия, тау-кен, машина жасау және бастапқы өнеркәсіпте (сүт зауыттары, ет өңдеу, өңдеу кәсіпорындары және т.б.) кеңінен қолданылады.

– Primer WS NG 102. Ng 102 өнімі концентрацияланған акрилді праймер болып табылады, ол жабындардың адгезиясын жақсартады және бетон беттерін дайындау үшін қолданылады.

Акрил бояуын өндіретін кәсіпорынды іске қосу арқылы біз тек отандық өндірушіні ғана емес, сонымен қатар импорттық өнім бағасынан 15-20 пайыз төмен тауар ұсыну арқылы отандық тұтынушыларды да қолдаймыз. Жақсартылған сипаттамалары бар акрил бояуына ұсынылатын баға тек Қазақстан нарығында бәсекелесуге ғана емес, сондай-ақ өнімді ЕурАзӘҚ елдеріне және алыс шетелдерге экспорттауға мүмкіндік береді. Бұл ықтимал импортты алмастыру мақсатында бәсекелестік позицияны жақсартады. Осы жобадан көзделген жұмыстар жүзеге асырылса, ол экономика, экология және әлеуметтік салаларға да оң өзгеріс әкелмек. Өйткені жаңа акрил бояуының өндірісі Қазақстанның өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс кешенін жақсартып, сипаттамалары бар отандық материалмен қамтамасыз етеді; акрилді бояу өндірісі құрылыс, химия өнеркәсібі және т.б. сияқты өнеркәсіптің басқа да салаларының дамуына ықпал етеді; алынған акрил бояуы Қазақстан мен басқа елдердің нарығында қазіргі уақытта өндірісте және құрылыста қолданылатын әлемге әйгілі лак-бояу материалдарын алмастырады.

Маматха ХАНУМАППА, PhD докторы:

ҚазҰУ-да үлкен тәжірибе жинадым

Маматха Ханумаппа – Вашингтондағы Колумбия округі (UDC) университетінің PhD докторы, ғалым. Ол аталмыш оқу ордасы колледжінің этникалық дақылдар жобасының бас маманы. Доктор Маматха Ханумаппа 2021-22 оқу жылында Қазақстанға арналған беделді Фулбрайт АҚШ стипендиаты сыйлығының иегері атанды.

Доктор Ханумаппа агро-экология және климаттың өзгеруі туралы ғылым бойынша күрестер оқиды және өзгермелі климат жағдайында азық-түлік пен тағамдық қауіпсіздікті жақсартуға қатысты салаларда зерттеулер жүргізеді. Ғалым PhD дәрежесін алғаннан кейін Жапония, Оңтүстік Корея және АҚШ-тың түрлі зертханаларында жұмыс істеп, тәжірибе жинақтады. Молекулалық биология және ауылшаруашылық биотехнологиясы бойынша гүлдену, тұқымның дамуы және абиотикалық стресске байланысты бірнеше жылдық зерттеулер жасады. Ғалым 2018 жылдан бері Колумбия университетінде жұмысын жалғастырып келеді.

– Мен география және экология ғылымдары кафедрасының картография және геоинформатика бөлімінің Фулбрайт стипендиатымын. Ол өте беделді стипендиялардың қатарында. Мені қалалық ауыл шаруашылығы және климаттың өзгеруі қызықтырады. Алматыға қалалық ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында келдім. Сонымен қатар ҚазҰУ-дың Информатика кафедрасы профессорларымен бірге картография саласы бойынша зерттеу жұмыстарын жүзеге асырып жатырмыз. Он бес жылдан астам уақыттан бері ғылыми-зерттеу бойынша тәжірибе жинап келемін. 2018 жылдан бері өз саламды зерттеумен қатар, арасында студенттерге дәріс беремін. Мансап жолымда үйреніп-білгенімді жас ғалымдармен бөліскенді құп көремін.

Үндістанда магистратурада оқып жүргенімде дәрілік өсімдіктерді зерттеуді бастағанмын. Сосын бұл қызығушылығымды дамыту мақсатында PhD дәрежесін алу үшін АҚШ-қа аттандым. Ол жерде жарық синальның молекулалық биологиясы және өсімдіктердің дамуы бойынша зерттеулер жүргіздім. Қазір қалалық ауыл шаруашылығы мен климаттың өзгеруіне бейімделу саласындағы зерттеулер мен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына, азық-түлік және тамақтану қауіпсіздігін арттыруға баса назар аударып отырмын. Сондай-ақ агроэкология және климаттың өзгеруі туралы ғылым курстарынан сабақ беремін. Көріп отырғаныңыздай, менің мүдделерім сан салалы және сан түрлі. Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда, ҚазҰУ-да үлкен тәжірибе жинадым, – дейді ғалым.

Ол АҚШ Ауыл шаруашы-

лығы министрлігі басқаратын гранттық бағдарламалардың мемлекеттік үйлестірушісі ретінде қызмет етумен қатар, Колумбия округі (UDC) университетінің қалалық ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіби ғылым магистрлары бағдарламасын үйлестіреді. Доктор Ханумаппа қалалық ауыл шаруашылығы, климаттың өзгеруіне бейімделу, табиғи ресурстарды басқару, өсімдіктер биотехнологиясы және биоинформатика сияқты тақырыптардың кең ауқымында зерттеу тәжірибесіне ие. Ол Бангалор, Үндістан ауыл шаруашылығы ғылымдары университетінде бакалавриат және магистратура бойынша Үндістан үкіметі стипендиясының иегері атанып, PhD дәрежесін алған. АҚШ, Мэриленд университетінің бағбандық мамандығы бойынша АҚШ, Жапония және Оңтүстік Кореядағы беделді зертханаларда постдокторант ретінде жұмыс істеді және бірнеше ұйымдарға, соның ішінде Дүниежүзілік банкке кеңес беру қызметтерін көрсеткен.

– ҚазҰУ – Орталық Азиядағы ең беделді жоғары оқу орындарының бірі әрі бірегейі. Мені осы оқу ордасындағы атқарылып жатқан жаңалыққа толы тың жұмыстар таңғалдырып келеді. ҚазҰУ ұстаздары, студенттерінің халықаралық ынтымақтастығын нығайтуға, әсіресе АҚШ университеттерімен және ұйымдарымен жаңа серіктестік орнатуға көптеген мүмкіндіктер бар. Бұл орайда білім ордасы мен Қазақстанның позициясын одан әрі көтеруге жергілікті және шетелдік ғалымдар зор күш-жігер жұмсап келеді. Мұндағы көптеген жастардың ғылымға деген қызығушылығы жоғары екенін байқаймын. Меніңше, жас ғалымдардың дүниежүзіндегі соны жаңалықтармен танысуы өте маңызды. Жас ғалымдарға ғылыми журналдарды оқу және әлемнің басқа бөліктерінен келген студенттермен және зерттеушілермен өзара араласып, ой-пікір бөлісуі керек. Сонымен қатар шетелдік білімдерлермен ынтымақтастық орнату үшін заманауи креативті жобаларға ден қойып, жаңа зерттеулерден хабардар болуы тиіс. ҚазҰУ студенттерінен мансап жолын құру барысында олардың болашағынан зор үміт күтемін. Университетте мүмкіндіктер өте көп. Жастар осындай мүмкіндіктерді тиімді пайдаланады деп үміттенемін, – дей келе, Маматха Ханумаппа ҚазҰУ-дағы жобалық мақсаты жөнін-

дегі ойымен бөлісті. Оның айтуынша, Алматыда қалалық ауыл шаруашылығын ілгерілету және жобаның негізгі бөлігі – ГАЗ (Географиялық ақпараттық жүйе) талдауын жүргізу. Ғалым АҚШ-қа қайтып оралғанға дейін осы жобаны аяқтау үшін картография және геоинформатика профессорлық-оқытушылық құраммен және зерттеушілермен ынтымақтастық-серіктестікте жұмысы жалғаса бермек.

– Мен ҚазҰУ-дың геоинформатика және қашықтықтан зондауда басқа оқу ордаларынан алда екеніне көзім жетті. Сондай-ақ мұнда ЮНЕСКО кафедрасы мен Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институты орналасқан. Бұл институттармен белсенді жұмыс істемесем де, климаттың өзгеруіне және тұрақты дамуға деген қызығушылығым үшін ҚазҰУ-ға келу туралы шешім қабылдауда олардың да рөлі болды. Өсімдіктер биологі болғандықтан, алманың пайда болған жері, яғни алманың Отаны – Алматы мені қызықтырды. Менің тарихқа әуесқойлығым бар, бұл шаһардың Жібек жолымен байланысы барын білгенде осы әлемді қалаға келуге асықтым. Бүгінгі таңда ҚазҰУ-мен бірлескен жоба-жоспарымыз орындалу үстінде. Алдағы уақытта өз нәтижесін береді деген сенімдемін.

Ғылым – күрделі әрі үлкен жауапкершілікті қажет ететін сала. Сол себепті ғылыммен айналысқан адам үшін уақыт пен еркіндік аса маңызды. Мен география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Виталий Сальниковтың жетекшілігімен география және экология ғылымдарының бірнеше зерттеушілерімен жұмыс істеудемін. Атап айтқанда: ғылым докторы Айжан Асылбекова, Картография және геоинформатика кафедрасының аға оқытушылары Мұратбек Құдайбергенов, Өміржан Тәукебаев және Шұғыла Бүрлібаевалармен қызметтеспін. Ал PhD докторы Еркебулан Жанатбековпен де біршама ғылыми жұмыстар мен ізденістерді бірге атқардық. Ең бастысы, М.Құдайбергенов мырзаның сыныбында магистранттармен шығармашылық байланыстамын. Ғылыми ынтымақтастықты қоспағанда, мен ҚазҰУ-дан көптеген жора-жолдас таптым. Біздің достығымыз бен ізденісіміз қатар дамиды деп үміттенемін, – дейді ол.

Ғалым болашақта да ҚазҰУ-мен бірлесіп жаңа жобаларды қолға алып, жұмыс істеуге, ынтымақтастықты жалғастыруға мүдделі екенін айтады. Колумбия және ҚазҰУ университеттері арасындағы ғылыми-зерттеу және білім беру саласындағы берік ынтымақтастық арта беретініне сенімді.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Академик баяндамасы кітапқа енді

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Сандық технологиялар және робототехника» ғылыми-білім беру орталығының директоры, ҚР ҰҒА академигі Жұмаділ Байғұншеков Австрияның Клагенфурт қаласында Робототехника және мехатроника институтында 8-10 маусымда өткен Еуропаның Альпа – Адриатика – Дунай өңірінің робототехника саласындағы 31-ші халықаралық конференциясында (RAAD 2022) Kinematics of the «Ai – Gerim» Robot Arm тақырыбында баяндама жасап, осы мақала IFToMM-ның Advances in Service and Industrial Robotics, Springer, 2022 кітабында жарық көрді.

Шәкірт тәрбиелеп, ел ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосып жүрген ғалымның өз саласындағы қол жеткен жетістіктері баршылық. Жұмаділ Байғұншековтің



еңбектері елеусіз қалған жоқ. Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен «Парасат» орденінің иегері атанды.

Химия мамандығын дұрыс таңдаптын

Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінің «6B07104 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша білім алушы 1-курс студенттері тәжірибеден өтті.



Біз химия ғылымының кандидаты, доцент Жәния Ешованың жетекшілігімен оқу тәжірибесінен өту барысында түрлі саладағы зертханалық жұмыстармен танысуға мүмкіндік алдық. Жаңа химиялық технологиялар мен материалдар ғылыми-зерттеу институтына экскурсияға баратынымызды естігенде ерекше қуандық. Бұл институттың негізгі қызметі – Қазақстанда экологиялық таза, жаңа химиялық технологиялар арқылы материалдардың теориялық және практикалық негізін жасау. Экскурсия барысында доцент, химия ғылымының кандидаты Гүлбану Жақсылықова түрлі дәрі-дәрмектердің: мысалы, валидол, корвалол сияқты жүрек ауруларын емдеуге арналған дәрілерді қалай синтездеп алуға болатынын жайында әңгімелеп берді. Сонымен бірге экскурсия барысындағы талқыда ғалым қазіргі жастарға ғылыммен айналысу үшін тың мүмкіндіктер ашылғанын атап өтті. Жастар оқу-білімге барынша ынтызар болсақ, еліміздің дамуына үлесімізді қоса алатындай мықты тұлға болып қалыптасатынымыз жайында әсерлі әңгімелеп берді. Студенттер қызығушылықпен тыңдады.

Бұған қоса, кафедра тарихымен танысу мақсатында Жаңа химиялық технологиялар мен материалдар ғылыми-зерттеу институтының құрметті директоры, ҚР ҰҒА академигі, техника ғылымының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қайыр Жұбановтың өмірі мен қызметіне арналған «Өнегелі өмір» сериясымен шығатын кітап-

тың қолжазбасымен таныстық. Ол ғылымды байытуға мол қажыр-қайрат жұмсаған адам. Қайыр Ахметұлының жетекшілігімен жеті ғылым докторы, 28 ғылым кандидаты диссертация қорғаған. Ол кісінің өмір жолы кейінгі ұрпаққа өнеге.

Мамандығымыздың қыр-сырымен танысу мақсатында біз сондай-ақ Қазақ ұлттық университетінің Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығына барып қайттық. Орталық 2019 жылы ашылса да, біздің тың деректерімен қуантты. Орталық директоры, профессор Жанар Жеңіспен таныса отырып, ғылым жолында оның талай биік белестерді бағындырғанына көзіміз жетті. Ғалымның әңгімесінен дәрі-дәрмектің кейбір түрін импорттамай-ақ өзімізде өндіруге болатынын түсіндік.

Сонымен оқу тәжірибесінен өту барысында біз не үйрендік, нендей мәселені көңілге түйдік? Өз басым Физикалық химия, катализ және мұнай-химия кафедрасының зертханаларымен толығырақ танысқан кезде химия мамандығын дұрыс таңдағаным көз жеткіздім. Қорыта айтқанда, қазір білімге нағыз көңіл бөлетін кез. Абай атамның «Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады» деген сөзінің түпкі мәнін түсіндім.


Әсем ДҮЙСЕН,
химия және химиялық технология факультетінің 1-курс студенті

Чжан БИН, ҚЫТАЙЛЫҚ СТУДЕНТ:

Халықаралық және заманауи университетте оқимын

Чжан Бин – Қытай мемлекетінің азаматы. Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география және табиғатты пайдалану факультетінің 3-курс докторанты.

– 2016 жылдың желтоқсан айында мен Бейжіңнен Қазақстанға арман қуып келдім. Қазақстандағы көптеген жоғары дәрежелі оқу ордаларының ішінен менің таңдауым ҚазҰУ-ға түсті. Бұл оқу ордасын таңдаудағы басты себеп – бұл халықаралық және заманауи университет. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген сан ұлтты студенттер осында оқиды. Біз олармен достасып, мәдениеттерімізбен бөлісіп, салт-дәстүріміз туралы қызықты



пікірлер алмаса аламыз. Қай қырынан алып қарасаңыз да, ҚазҰУ кез келген шетелдік студенттің қызығушылығын оятады деп ойлаймын.

Мен шетелде оқу тәжірибесін көптен күттім және 2016 жылдың желтоқсан айында ғана нәсіп болды. Алматыға алғаш қыста келгенде ақ бас шыңды тау бөктерін, аппақ қарға оранған табиғаттың көз тартар ландшафтына тәнті болдым. Сол кезде-ақ мен мынадай әсем қалада оқытыным үшін өте қуанғанмын. Алматы әр мезгіл сайын өңін өзгертіп, құлпыра түсетін шаһар екен. Қыста күміс, ақ қар жамылған қала бақтары жаныңды тыныштандырады. Ал көктемде тіптен құлпырып, адамды армандауға жетелейді. Осындай қаланың қақ ортасында орналасқан ҚазҰУ осы бір қаланың жүрегі іспетті. ҚазҰУ-да не керек – бәрі бар: бақша, спорт комплексі, кітапхана, студенттер сарайы т.б. Осылардың барлығы біздің қажеттілігімізді өтеу үшін керек. Осындай сырлы бау-бағы бар оқу ордасында жүріп әрі оқисың, әрі демаласың. Табиғаты түрлі креативті ойлардың тууына себепші болады.

Алматыға алғаш келген кезім әлі есімде, ол кезде орысша да, қазақша да сөйлей алмайтынмын. Сондықтан қолымды сермеп, қарым-қатынас жасау үшін пайдаландым. Ол кез өте ностальгиялық уақыт болатын. Содан кейін дайындық бөліміне оқуға түсіп, қазақ және орыс тілдерін оқыдық. Содан соң география және табиғатты пайдалану факультетіне оқуға түстім. Мен оқыған факультет ұжымы өте тату болды. Мұғалімдер мен курстастарым қиындықта сүйеу

болып, әрдайым қолдау көрсетті. Шетелдік азамат үшін жат жерге сіңісу қашанда қиын. Бірақ мен сол ұстаздарым мен достарымның арқасында бұл ортаға оңай бейімделіп кеттім.

Ұстаздар маған өз білімдерін аянбай үйретті. Қазақ тілін меңгере бастадым, әрине, тіл үйренуде біршама қиындықтар болғаны рас. Сонымен қатар ұстаздар қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрі туралы көп мағлұматтар алуға мүмкіндік берді. ҚазҰУ-да екі жыл аспирантурада оқып жүргенімде көп нәрсені үйреніп, тіл меңгердім. Сондықтан оқуымды жалғастырып, PhD дәрежесін алуды ұйғардым.

Шетелдік студент үшін университетте оқып қана қоймай, басқа адамдармен дос болу, олардың әдеттері мен ұлттық мәдениетін түсіну маңызды деп ойлаймын. ҚазҰУ-да оқыған бес жыл ішінде білімімнің барлық аспектілерінде, әсіресе мақтан тұтатын тіл үйренуде айтарлықтай өстім. Университетте оқумен қатар, көп саяхаттадым. Мен Қазақстанның көптеген қалаларында, оңтүстікте – Шымкент пен Түркістанда, сондай-ақ солтүстіктегі Нұр-Сұлтан және батыстағы Ақтөбе қалаларында болдым. Болашақта біз секілді шетелдік студенттердің қосқан үлесінің арқасында шетел университеттері мен ҚазҰУ арасындағы достық пен білім алмасуы одан әрі нығая түседі деген сенімдемін. Мені бес жыл бойы оқытқан, білім деңгейімнің өсуіне ықпал еткен білім ордасына зор алғысымды білдіремін.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Сапалы білім беретін оқу орны

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстандағы жетекші ұлттық көпсалалы жоғары оқу орнының бірі. Бүгінгі таңда Қазақстанның және ТМД-ның жоғары оқу орындарының арасында ғана емес, сондай-ақ халықаралық рейтингте де жетекші орынға ие.

Көптеген жас талапкерлерде ҚазҰУ-ды таңдап, сонда білім алып, оның түлегі атану сияқты арманы болады. Бұл арман кейбір жандарда орындалмай қалатыны өкінішті. Қазақ халқында «Өмірде екі таңдауда қателеспе» деген сөз бар. Соның бірі, бұл – мамандық. Яғни талапкердің қандай болсын университетке оқуға түсуіне қарамастан, ең маңыздысы өзі қалаған, жан дүниесіне жақын мамандықты таңдағаны дұрыс деп есептеймін. Мен де өзім жан дүниеме жақын мамандықта оқып жатырмын. Ол – «Экономика» мамандығы.

Қазақ ұлттық университетін таңдаудың көптеген себептері бар. Өз тәжірибемнен сондай себептердің бірнешеуін атап өткім келеді: білім үш тілде беріледі; университетке дейінгі бейіндік мектеп және колледж өз жұмысын атқарады; шетел азаматтарының білім алуына мүмкіндіктер жасалған; республикалық конкурстар, олимпиадалар, конференция, семинарлар және т.б. өтеді; ҚазҰУ қалашығының табиғаты

керемет; студенттік ұйымдар («Жас Отан», «Сұңқар», «Көмек» және т.б.) мен үйірмелер көп; үлкен кітапхана және интернет орталығы бар; студенттерге көмек көрсету орталығы және кинотеатр жұмыс істеп тұр; Алматы қаласының ішіндегі жеке қалашық.

Жоғарыда көрсетілген себептер тізімін жалғастыратын болсам бітпейтін секілді. ҚазҰУ-да студенттердің оқуы мен бос уақытын ұйымдастыру мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда. Студенттерден тек қана оқу, өзінше жұмыс істеу, үнемі іздену, қызығушылықтарын дамытып отыру және т.б. талап етіледі. Университет Қазақстандағы ең үлкен және ең бай кітапханалардың біріне ие. Әбу Насыр Әл-Фараби музейі кітапхананың әрбір қонағы үшін ашық. Оқу ордасы көрнекті және жан-жақты академиялық бағдарламаларды ұсынады.

Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі Әбу Насыр әл-Фараби



былай деп жазды: «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым». Осыған орай, ҚазҰУ сапалы білім алуға және өз саласында кәсіпқой болуға мүмкіндік береді.

Осы оқу орнының студенті ретінде мен университетіміз өз студенттеріне толыққанды білім алу үшін және де өсіп келе жатқан қазіргі әлемнің талаптарына сай болу үшін көптеген мүмкіндіктер береді деп үлкен сеніммен айта аламын.

Малика НҰРМУХАМБЕТОВА,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің 4-курс студенті

■ Жас тұлпар

ҚазҰУ-да білім алып жатқан студенттердің қатарында өлеңді серік қылған жас ақындар да бар. Олардың шығармашылығын оқырман қауымға таныстыруды жөн санадық. Журналистика факультетінің 2-курс студенті Батыржан Жұмаділовтың лирикалық өлеңі ой мен орамға, ұйқас пен ырғаққа толы.



Қайың

Табиғатта жыл мезгілі өзгереді, Өзгеріп-ақ, кейбіреуі күнелтеді. Бір кезде ашық аспан, жылы дала, Бір кезде қара бұлт, даулы аула. Желтоқсанның суық, аяз күндерінде, Боранды, дымқыл туман түндерінде, Қурап тұрды айдалада жалғыз қайың, Адамдай, мұңы бар кеудесінде... Уақыт өте, құстар сайрап көктем келді, Күн шығып, гүлдер гүлдеп, қар еріді. Сол гүлдердің ішіндегі бір қызғалдақ, Жер астынан атып шығып, жан тербеді. Сұр қайыңның бейнесіне көркі енді, Бір мезетте жан бітіріп, ол да өрледі. Жанындағы оттай қызыл қызғалдақпен, Сабақ басына гүл жарып, тең гүлденді...



Центральноазиатские тренинги по усилению гендерных компетенций

Более 430 участников из Казахстана, Кыргызстана, Таджикистана, Туркменистана, Узбекистана в течение недели активно обсуждали международные модели и складывающиеся в регионе практики на тренингах «Усиление потенциала и знаний в области гендерного равенства, искоренения насилия в отношении женщин и девочек, расширения прав и возможностей женщин в Центральной Азии». Проект был реализован КазНУ имени Аль-Фараби в партнерстве с МИД РК и региональным представительством программы глобальной инициативы «Луч света».



вопросами гендерной адаптации кандидаты наук Елена Дудинова, Александр Рожков, старший преподаватель Екатерина Вескина предложили участникам разнообразные средства аналитических, практических обзоров и сравнений в сфере оценки гендерной ситуации в разных сферах и методы искоренения насилия в отношении женщин и девочек. Тренинговый комплекс базировался на интерактивной среде, в которой активно применялись ситуационный анализ и подготовка решений по конкретным фактам гендерного и сек-

суального насилия, работа в малых группах, прецеденты использования схем реакции на аналогичные ситуации при нарушении прав женщин в странах с различными традициями и обычаями, мозговой штурм, кейс-стади, венские диаграммы и другие активные методы гендерной грамотности и действенности. Базовый документ Конвенция ООН о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин (1979 г.) соотносился с национальным законодательством, алгоритмом работы госслужб, различных ор-

ганов, общественников, которые предлагали собственные варианты интеграции подходов гендерно-чувствительного планирования и бюджетирования при разработке национальных планов и программ в сфере защиты прав женщин и реализации семейной и гендерной политики, опции по вовлечению ключевых стейкхолдеров и широких слоев населения в продвижение гендерного равенства, повышение осведомленности о подходе, учитывающем интересы переживших насилие, и внедрение информированного подхода в работе с пережившими насилие с учетом полученной травмы, возможные методы защиты женщин на рабочих местах.

Неспособность решить проблему гендерного насилия влечет за собой значительные гражданские, экономические, социальные потери для обществ, а преодоление их позволит повысить качество человеческого капитала, усилит экономическую мощь стран, на что ориентированы Цели устойчивого развития.

Александр РОЖКОВ,
ст. преподаватель, к.ф.н.

Представляя двухмодульный блок повышения квалификации зав.кафедрой ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации доктор наук Назгуль Шынғысова назвала актуальные направления тренингов: обеспечение новыми ресурсами, инструментами и методами оценки всех вовлеченных в увеличение и укрепление понимания необходимости формирования гендерного баланса, снижения любых видов насилия в отношении женщин и девочек, создание нулевой терпимости к его любому проявлению и возможность критически осмыслить гендерные нормы, роли и отношения. В течение 30 лет были реализованы законодательные, общественные, технологические шаги по преодолению

неравенства между мужчинами и женщинами в пяти государствах, тем не менее гендерный дисбаланс еще пронизывает государственные и частные сферы жизни, а также социальные, экономические, культурные и политические права и проявляется в ограничениях и ограничениях свобод, выбора и возможностей женщин. Поэтому так важно продолжать усиление навыков сотрудников государственных структур, исполнительных органов, правоохранителей, судов, прокуратуры, НПО, поставщиков услуг (медицина, социальное обеспечение, юридические и психологические консультации), а также бизнеса. Тренеры проекта – известные ученые, эксперты, занимающиеся

Послание президента Токаева, названное «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны» – указывает на две стратегические задачи, в решении которых должны принять все граждане нашей страны. В единстве наша сила и залог успеха! - за годы независимости Казахстан продемонстрировал этот постулат всему миру. Президент К.Токаев указал на необходимость системных реформ и определил основные направления. Безусловно, что первым стало – социально-экономическое развитие, вторым – повышение эффективности системы здравоохранения и третье по приоритетности актуальных реформ стало «Качественное образование». Этот важный блок Послания привлек пристальное внимание всех работников образования: от школьных учителей, вузовских преподавателей до ректоров университетов.

Переступить порог конвергентного образования

На современном мире, в котором люди проводят большую часть времени в онлайне – в виртуальном мире, появилась возможность выхода за пределы установленных жестких правил и положений в системе вузовского образования. Если раньше без аудиторных лекций, семинаров, учебников, библиотек обучение оставалось немалым, то сейчас у студентов появились широкие возможности самообразования, они имеют выбор изучать то, что им интересно, независимо от избранной специальности, учебного плана; слушать онлайн лекции профессоров, включая зарубежных и на иностранных языках. В практике многих топовых университетов мира стали онлайн курсы, по успешному окончанию которых можно получить сертификат от Гарварда, Беркли или Стэнфорда.

На мой взгляд системные реформы должны быть направлены на дальнейшую либерализацию в академической сфере и синергетику междисциплинарного образования. Необходимо адаптироваться к современным трендам конвергенции айти-технологий, телекоммуникационных сетей и всех учебных дисциплин, не только в естественнонаучных, но и в социальной и гуманитарной сфере. Неслучайно, в программе государственного визита Президента К.Токаев была включена церемония открытия памятнику великому просветителю, поэту и мыслителю Абаю именно в Сеульском сайбер университете. В этом символика синергетики и конвергенции духовного и материального, идеального и рационального, фундаментального и прикладного... Еще один нетривиальный вопрос в вузовском образовании, который хотелось бы отметить, связан с увели-

чением продолжительности жизни. Многие люди, мечтавшие заниматься любимым делом, вынуждены были работать в иной сфере, поэтому в ряде развитых стран, есть вузовские курсы для тех, кто, выйдя на пенсию могут получить второе профессиональное образование. Охватить все аспекты системных преобразований в вузовской системе в одном коротком отклике нереально, надеюсь коллеги-профессора и руководство alma mater организуют обсуждение этого приоритетного вопроса с выработкой конкретных пожеланий и рекомендаций.

Герман КИМ,
д.и.н., профессор
кафедры Дальнего Востока,
директор
Института азиатских исследований
КазНУ им.
Аль-Фараби

Влияния вызовов на студентов

Мир столкнулся с глобальным кризисом в области здравоохранения, который затронул все слои общества и изменил жизнь и средства к существованию. Как показывает опыт, во всех типах кризисов и в случае необходимости, от изменения климата до вооруженных конфликтов или политических волнений, молодые люди и молодежные организации быстро предпринимают действия и реагируют на потребности других. Мониторинг ситуации во время пандемии COVID-19 показал, что в настоящее время происходит то же самое.

Несмотря на то, что в настоящее время внимание уделяется тем, кто в наибольшей степени подвержен воздействию вируса, имеется много признаков того, что пандемия COVID-19 будет иметь продолжительные социальные, культурные, экономические, политические и многоплановые последствия для всего общества, включая молодежь, подчеркнута в докладе Генерального секретаря «Общая ответственность, глобальная солидарность».

Коронавирус изменил массовые представления о нормах поведения в публичном пространстве. Болезнь перестала быть личным делом. Носить маску и перчатки – это уже не только санитарное, но и общественное предписание. Одновременно меняются и общественные настроения. В связи с чем, нами было проведено пилотное исследование влияния постковидных мер на состоянии счастья студенческой молодежи города Алматы. Исследование раскрывает вопросы влияния вызовов и проблем молодежи, связанных с пандемией, в гендерном и возрастном аспектах. Основным инструментом исследования был количественный опрос молодежи в возрасте 17-29 лет. Сбор данных проходил в период с 20 по 28 декабря и охватил 670 студентов с 4 ВУЗов (КазНУ им. Аль-Фараби, МУИТ, АТУ, КазНМУ им. Асфендиярова).

В ходе исследования было выявлено, что больше половины (60%) молодежи и подростков испытывают высокий уровень тревожности. Беспокойство, связано с озабоченностью здоровьем близких, в особенности родителей (62%), своего здоровья (60%), а также переживанием о будущем в стране и неопределенностью (57%). Повышенная тревожность отмечена среди сельской молодежи (65%), а также в возрастной категории старше 24 лет (59%). Кроме этого девушки (53%) больше обеспокоены будущим и пред-

принимают больше защитных мер. Основным и важным фактором в сложившейся ситуации, по мнению молодежи, является наличие достоверной информации. При этом, наибольшее доверие вызывает информация, полученная от близких и официальных источников информации (47%).

В целом, результаты исследования сопоставимы с ситуацией в других странах, а глобальный экономический кризис существенно усугубит положение молодежи в долгосрочной перспективе. Как выяснилось 57,4 % опрошенных проживают в городской местности, 43,7 % представители сельской молодежи, получающие знания в высших учебных заведениях города Алматы. В гендерном аспекте активнее оказались представительницы женского пола, общее количество от опрошенных составило 80% – женщин, мужчин – 20%. На вопрос «Считаете ли Вы себя счастливым?» положительно ответили 92,8% респондентов, остальные 7,2% опрошенных счастливыми себя не считают. Опрос показал, что из общего количества участников 36,2% - переход на дистанционную форму обучения никак не отразился на ощущении счастья; 34,6% – сказался позитивно; 26,2% – ощущают себя несчастливими; остальные 1,1% – затруднились ответить.

На вопрос «Насколько Вы были счастливы год назад?» 93% респондентов ответили положительно. Следовательно, можно сделать вывод, что пандемия и переход на дистанционную форму обучения не существенно повлияли на ощущение счастья студенческой молодежи. Молодежь, как показало анкетирование, очень устойчива и быстро адаптируема к изменениям происходящим в их жизни.

Айшат ОМАРОВА,
докторант КазНУ им. Аль-Фараби

Яркий пример для многих поколений

В КазНУ имени Аль-Фараби немало ученых-педагогов, имена которых написаны золотыми буквами в летопись университета. Особое место среди них принадлежит одному из известных ученых в области аналитической химии, лауреату Государственной премии в области науки, техники и образования, доктору химических наук, профессору, заслуженному деятелю науки РК Наурызбаеву Михаилу Касымовичу.



экологическими проблемами окружающей среды. Он организовал в Казахстане новое научное направление – управление электрохимическими процессами с помощью ПАВ в многокомпонентных системах с целью совершенствования технологии гидрометаллургии и гальванотехники. Разработанная М.К.Наурызбаевым технология электророрафинирования меди внедрена на Жезказганском и Балхашском горнометаллургических комбинатах, а технология электроэкстракции цинка на Усть-Каменогорском свинцово-цинковом комбинате и Челябинском цинкэлектродном заводе.

Много сил М.К.Наурызбаевым вложено в развитие высшего химического образования Казахстана, на постах декана химического факультета КазГУ и ректора КазХТИ. Академик АН Высшей школы Республики Казахстан, профессор М.К.Наурызбаев долгие годы возглавлял учебно-методический совет по химии университетов Казахстана. Под его факультет всегда занимал первое место в университете в социалистическом со-

ревновании, как декан он пользовался уважением коллег и любовью студентов. Наверное, не случайно, что Михаил Касымович был единственным, кто дважды возглавлял химический факультет. Он всей душой болел и болеет за родной факультет. М.К.Наурызбаев – член диссертационного совета по защите докторских диссертаций PhD, является членом Американского химического общества ACS (США), Международной ассоциации аналитиков (Москва), редколлегии международного журнала Science of Central Asia, редколлегии журнала «Промышленность Казахстана».

Труд энергичного педагога, талантливого и инициативного ученого, мудрого наставника молодежи оценен по достоинству – он награжден медалью «За трудовую доблесть». Мы, его ученики, гордимся тем, что рядом с нами работает настоящий педагог высшей школы, у которого можно многому научиться. В нем собраны все самые лучшие качества: жизненный оптимизм, любовь к студентам, уважительное, внимательное отношение к коллегам. Является эталоном порядочности и интеллигентности в студенческой и академической среде.

Коллектив факультета химии и химической технологии поздравляет Михаила Касымовича с 80-летним юбилеем! Долгих вам лет, дорогой Михаил Касымович! Мы вас любим!

Факультет химии и химической технологии КазНУ

Мәдениетті тану – өзіңді тану

Біз бір жыл бойы университетте алған білімімізді тәжірибемен бекіту мақсатында С.Қаупенбаеваның жетекшілігімен Алматы қаласындағы мәдени ошақтарда алғашқы тәжірибемізді өткіздік. Атап айтқанда, ҚР Орталық мұражайының қызметімен таныстық.

Мұнда Қазақстанның желгі дәуірінен бастап, қазіргі тарихынан сыр шертетін 300 мың жәдігерлік бұйым бар. Ал Алматы мұражайы шаһардың көне заманнан бүгінге дейінгі

шежіресін көз алдыңызға алып келетін 11 залдан тұрады. Мәдени ошақта Жетісу өңірінің тарихи-мәдени мұралары топтастырылған. Сол сияқты бейнелеу өнері саласындағы негізгі мұражай саналатын Ә. Қастеев атындағы Өнер мұражайында тоғыз ғылыми орталық жұмыс істейтінін білдік. Мұражай қызметкерлерінің жұмысымен таныса отырып, оның мәдениетті қалыптастырудағы рөлі зор екеніне көз жеткіздік.

Сондай-ақ тәжірибеден өту барысында Алматы қаласындағы Дін мәселелерін зерттеу орталығының қызметімен де таныстық. Бұл орталық деструктивті ұйымдардан зардап

шеккендерді анықтап, оларға психологиялық, заңгерлік көмек көрсетеді. Алматыдағы Орталық мешітте, Никольский соборда болған әңгіме біздің дінге қатысты білімімізді кеңейтті, пайдалы, маңызды ақпараттар алуға себеп болды.

Мәдениет – адаммен бірге жасап келе жатқан, тарихы тереңнен басталатын рухани-мәдени құндылық. Сондықтан өз елінің мәдениетін терең білу өзіңді тану дегіміз келеді.

Әл-Фараби атындағы КазҰУ «Мәдениеттану» мамандығының 1-курс студенттері

ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ!



«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: **64787**

- Бұдан былай газетіміз республика көлемінде таратылады. Енді газетке шыққан әрбір мақала, сұхбат, ғылыми жаңалықтар мен білім саласындағы тың ақпаратпен еліміздің түкпір-түкпіріндегі оқырмандар да таныса алады.
- Ендеше мүмкіндіктен құр қалмаңыз. Сіз де біздің газетке жазылып, өз мақалаңызды ұсына аласыз. Сонымен қатар газетке оқытушылар мен студенттер де материалдарын жариялай алады.

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1251,42 теңге	1363,14 теңге
12 айға	2502,84 теңге	2726,28 теңге

Біздің оқырман



Мейіржан ОТЫНШИЕВ,

«AMANAT» партиясы Алматы қалалық филиалының атқарушы хатшысы

Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Кәмила ДҮЙСЕН, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: **64787**

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.